



Ескертпе:

\* - уәкілетті орган бекіткен стационарлық науқастың медициналық картасына сәйкес толтырылады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЭАОЖ – Әкімшілік аумақтық объектілердің жіктеуіші;

АХЖ-9 - Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктелуі, 9-қайта қарау;

АХЖ-10 - Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктелуі, 10-қайта қарау;

ДЗ - дәрілік заттар;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

МБ - медициналық бұйымдар;

АРҚТБ - анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесі;

ХПА - халықаралық патенттелмеген атауы.

Денсаулық сақтау субъектісінің басшысы:

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Денсаулық сақтау субъектісінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы:

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Жауапты орындаушы:

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Орындаушының телефоны:

Орындаушының электрондық мекенжайы:

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша "Бір емделіп шығу жағдайына арналған тікелей нақты шығындар бойынша ақпарат"

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Бір емделіп шығу жағдайына арналған тікелей нақты шығындар бойынша ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Бір емделіп шығу жағдайына арналған тікелей нақты шығындар бойынша ақпарат" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды;

2. Нысанды денсаулық сақтаудың референттік субъектілері толтырады және жұмыс органына ұсынады;

3. Нысанға Денсаулық сақтау субъектілері болып табылатын ұйымның басшысы не оның міндетін атқаратын адам тегін және аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды;

4. Нысан хабарламаны алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде ұсынылады;

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

2 тарау. Нысанды толтыру

6. 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

7. 2-3-бағандарда өңірдің атауы және ЭАОЖ бойынша коды көрсетіледі;

8. 4-бағанда денсаулық сақтау субъектісінің атауы көрсетіледі;

10. 5-9-бағандарда пациенттің ЖСН, ауру тарихының нөмірі, емдеуге жатқызу күні, жазып беру күні, стационарлық науқастың медициналық картасына сәйкес үзінді-көшірме бөлімшесінің атауы көрсетіледі;

11. 10-бағанда медициналық қызмет қолданылған және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар пайдаланылған бөлімшенің атауы көрсетіледі;

12. 11-12-бағандарда негізгі диагноз коды (АХЖ-10) және операция (АХЖ-9) көрсетіледі);

13. 13-14-бағандарда тарификатор бойынша Медициналық қызметтің коды мен атауы көрсетіледі;

14. 15-25-бағандарда пациенттерге тағайындалған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар бойынша деректер көрсетіледі.